**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 253 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 ақпандағы N 146 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 253 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 11, 126-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасында:

1-бөлімнің "Бағдарламаны қаржыландыру көздері" деген жолы мынадай редакцияда жазылсын:

| | |
|---|---|
| "Бағдарламаны қаржыландыру көздері | - қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері шегінде жүзеге асырылатын болады.<br>Бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджеттен қаржыландырудың жалпы көлемі 37 628 000 теңге көлемінде көзделеді, оның ішінде: 2003 жылға - 14 000 000 теңге, 2004 жылға - 11 146 000 теңге, 2005 жылға - 12 482 000 теңге."; |

5 бөлім 5.8-бөлімшесінің бесінші абзацындағы үшінші және төртінші сөйлемдері алынып тасталсын;

6-бөлімнің жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағдарламаны іске асыруға арналған республикалық бюджеттен қаржыландырудың жалпы көлемі 37 628 000 теңге көлемінде көзделеді, оның ішінде: 2003 жылға - 14000 000 теңге, 2004 жылға - 11 146 000 теңге, 2005 жылға - 12 482 000 теңге.";

"Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 8-бөлімде:

реттік нөмірі 6-жолдың үшінші абзацы алынып тасталсын;

реттік нөмірі 15-жолда:

"Орындалу (іске асыру) мерзімі" деген бағандағы "2005" деген сандар мен "ж." әрпі алынып тасталсын;

"Болжамды шығыстар" бағандағы "100 000 теңге (МАҚКМ)" деген сөздер алынып

тасталсын;

реттік нөмірі 16-жол алынып тасталсын;

"Болжамды шығыстар" деген бағанның реттік нөмірі 17-жолында "3 500 000" деген сандар "2 782 000" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 19-жолда:

"Орындалу (іске асыру) мерзімі" деген бағандағы "2005" деген сандар мен "ж." әрпі алынып тасталсын;

"Болжамды шығыстар" деген бағандағы "1 000 000" деген сандар "446 000" деген сандармен ауыстырылсын, "700 000" деген сандар мен "теңге" деген сөз алынып тасталсын;

реттік нөмірі 24-жолда:

"Орындалу (іске асыру) мерзімі" деген бағандағы "2004" деген сандар мен "ж." әрпі алынып тасталсын;

"Болжамды шығыстар" деген бағандағы "1 100 000" деген сандар мен "теңге" деген сөз алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК